

Үміткердің сәйкестендіру
нөмірі:

АҚКК біліктілік КОМИССИЯСЫ

МАУСЫМ 2025ж.

Аудит және Этика

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда 4 тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- Төрт тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған орындарда жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары ұпайы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 28 ұпай	42 – 50 минут
2-тапсырма, 18 ұпай	28 – 40 минут
3-тапсырма, 14 ұпай	25 – 30 минут
4-тапсырма, 40 ұпай	<u>55 – 60 минут</u>
Уақыттың жиыны:	150 – 180 минут
- Ақшалай шамалардың барлығы есептік бірлікпен (е.б.), осы емтиханда қолданылатын халықаралық ақшалай өрнекпен көрсетілген.
- Қаржылық емес калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға **ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Сіз емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК-ның алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК-ның рұқсатын алуға арналған сұратуларды мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-тапсырма (28 ұпай)

«Продан - финансы» компаниясының (бұдан әрі – Компания) негізгі қызметі жылжымайтын мүлікті жалға беру болып табылады. Компания жыл сайын қаржылық есептілік аудитін өтіп отыруға міндетті. Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (бұдан әрі - ҚЕХС) жатады.

2024ж. (31.12.2024ж. жағдай бойынша) қаржылық есептілік аудитін алғаш рет «PROFIT» аудиторлық фирмасы (бұдан әрі – аудитор, АФ) жүргізеді. 2024 жылы АФ фирманың аудиті бойынша басқа клиенттің құрылтайшысы болып табылатын компания акционерлерінің бірімен сот дауларында Компанияның өкілі болып отырды (адвокаттық қызметтер) (бірінен кейін бір 3 жыл бойы). «PROFIT» аудиторлық фирмасында алдыңғы аудитормен қарым-қатынастардың тоқтатылу себебі туралы ақпарат болмады.

Мұның алдында үш жыл бойы «Treasure» аудиторлық компаниясы (бұдан әрі – алдыңғы аудитор) аудитор болды, бұл жағдайда 2025 жылы Компания аудиторды ескертпей ауыстырып жіберді. Осы үш жыл бойы алдыңғы аудитор компанияның басқарушы қызметкерлерінің инвестициялық жылжымайтын мүліктің бағасымен келіспеуіне байланысты пікірін ескертумен бірге ұсынып отырды.

Компания қызметінің нақты нәтижелері мен қаржылық есептілігі туралы ақпаратқа сәйкес, мынадай ақпарат бар:

1. 2025 жылдың басында компанияның берешегі елеулі болып табылатын бірнеше дебиторы банкрот деп жарияланады.
2. Компания 10 жылда алғаш рет елеулі операциялық залалға ұшырады, ал 2025 жылдың басында банк сотқа жүгінді, оның шешімі бойынша берілген несие бойынша кепіл мүлкі болып табылатын жерге тыйым салынды, несиені өтеу мерзімі 2024 жылдың қараша айының соңында аяқталды, бұл оқиғалар басқарушы қызметкерлердің оларға қатысты жоспарларымен бірге қаржылық есептілікке арналған ескертулерде Компанияның үздіксіз қызметінде елеулі белгісіздікке әкелген оқиғалар ретінде ашып көрсетілген.
3. Компанияның жалға алушыларымен операциялардың үштен бір бөлігі 2024 жылы байланысқан тараптармен жүзеге асырылып отырды. Қаржылық есептіліктегі ашып көрсетулерге сәйкес, мұндай операциялар нарықтық нарықтық жағдайларда жүзеге асырылды.
4. Компания инвестициялық жылжымайтын мүлікті әділ құны бойынша есепке алу үлгісін таңдады, бұл ретте есеп саясатына сәйкес компания 3 жылда кемінде 1 рет КЕХС (IFRS) 13 сәйкес инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнын бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуды қамтамасыз етуге міндетті. Басқарушы қызметкерлердің тәуелсіз сарапшысының жылжымайтын мүліктің нарықтық құны туралы соңғы есебі 2024 жылдың қараша айымен белгіленген, ал оған дейін компания 2017 жылдың соңында тәуелсіз сарапшыны тарта отырып, бағалау жүргізді, оған қоса, осы күннен бастап Компания тағы 2 ғимарат сатып алды (2019 және 2020 жылдары), осыған байланысты аудитор есептік бағалаудағы Еелеулі бұрмалану тәуекелдерін елеулі тәуекел ретінде бағалады
5. Алдыңғы аудитордың 2023ж. пікірімен ескертумен бірге аудиторлық есебінің күні 25.02.2024ж. деп белгіленген.

Қажет етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру.

1.1. «PROFIT» аудиторлық фирмасының ол 2022ж. редакциядағы Кәсіпқой бухгалтерлердің Халықаралық этика кодексіне сәйкес () адвокаттық қызметтердің көрсетілуіне байланысты аудит бойынша тапсырманы қабылдау алдында орындауы тиіс болатын **2 әрекетінің** мысалдарын суреттеңіз.

1.2. Тапсырманың шартына сүйене отырып, тапсырманы қабылдаған жағдайда Компанияның алдыңғы аудиторуна жүгінудің алдында **АФ тәуелсіздігіне төніп тұрған қауіп-қатерлерді сәйкестендіріңіз, сондай-ақ осындай қауіп-қатерге ден қою үшін келісілген шаралар болуы мүмкін әрекеттердің (кем дегенде 2) мысалдарын келтіріңіз.**

1.5. Аудитор қаржылық есептілік күні мен аудитордың есеп беру күні арасындағы кезеңде болып жатқан және қаржылық есептілікте түзетуді немесе ашуды талап ететін барлық оқиғалардың табылғаны туралы жеткілікті көлемде қолайлы аудиторлық дәлелдемелерді алуға арналған аудиторлық рәсімдерді орындауы тиіс. Осындай аудиторлық рәсімдердің **үш мысалын** келтіріңіз.

1.6. Тапсырманың шарттарын ескере отырып (2-тармақ), оқиғалар мен елеулі белгісіздік шарттары туралы ақпарат және басқарушы қызметкерлердің осы оқиғаларды немесе шарттарды қарау жөніндегі жоспарлары Компанияның қаржылық есептілігінде тиісті түрде ашылған жағдайда, **тәуелсіз аудитордың пікіріне және оның есебіне (бөлімнің атауы және оның мазмұны) әсерін сипаттаңыз.**

1.7. Байланысты тараптармен операциялар нарықтық жағдайларда жүргізілді деген тұжырымдарды **растау пайдасына басқарушы қызметкерлер дәлелдемелерінен кем дегенде 3 мысал** келтіріңіз (тапсырманың 3-тармағын қараңыз).

1.8. Тапсырманың шарттарын ескере отырып (4-тармақ) есепке алу бағаларына қатысты елеулі тәуекелдер үшін шын мәнінде рәсімдер ретінде **егжей-тегжейлер тестілерінің** мысалын **(кем дегенде 3)** келтіріңіз.

1.9. Тәуелсіз аудитордың 2024 жылғы есебінің тиісті бөлімінің атауын, сондай-ақ оның алдыңғы аудиторға қатысты мазмұнынан дәйексөз келтіріңіз.

2-тапсырма (18 ұпай)

«Наргиз» компаниясы (бұдан әрі – Компания) қазіргі уақытта 2024ж. қаржылық есептілік аудитін өтуде. «Скрипт» аудиторлық фирмасының аудиторлық файлы мынадай аудит жоспарын қамтыған.

1. Аудитор есептік күнге қорларға жылдық түгендеу жүргізуге қатысуды жоспарлады.
2. Аудитор басқарушы қызметкерлердің бақылау шараларына немқұрайлы қарау қаупіне жауап ретінде арнайы аудит рәсімдерін өткізуді жоспарлады.
3. Шоттар мен операциялар кластарының сальдосына қатысты мәлімдемелер деңгейінде елеулі бұрмалану тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалау кезінде аудитор басқарушы қызметкерлердің жауаптарын осындай рәсімдер үшін жалғыз аудит рәсімдері ретінде пайдаланды.
4. Аудитор дебиторлармен және кредиторлармен елеулі операцияларды, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешектің сальдосын сәйкестендіріп және болуы және толықтығы мәлімдемелері үшін елеулі бұрмалану қаупін жоғары деңгейде бағалады.
5. Аудиторлар басқарушы қызметкерлердің қаржылық есептілікке қатысты куәлігін құрастыру рәсімдерінің орнына оны алу рәсімімен шектелуге шешім қабылдады.

Қажет етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру.

2.1. Қорлардың болуы мен жай-күйіне қатысты аудиторлық дәлелдер алу үшін қорларды түгендеу кезінде аудитордың қатысуын жоспарлау кезінде орынды болатын **кем дегенде 6 сұрақты** тізімдеңіз.

2.2. Негізгі кітапта көрсетілген жазбалардың сәйкестігін тестілеу кезінде аудитор әзірлеуі және орындауы керек **негізгі үш әрекетті** және қаржылық есептілікті жасау кезінде жасалған басқа түзетулерді басқарушы қызметкерлердің бақылауға немқұрайлы қарау тәуекелдеріне жауап ретінде аудиторлық рәсім ретінде келтіріңіз.

2.3. Елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалау кезінде аудитор орындауы және құжаттандыруы тиіс аудиторлық рәсімдердің **толық тізімін** беріңіз.

2.4. Тапсырманың шарттарын ескере отырып (4-тармақ) аудитор оның сыртқы сұратуларына жауап алмаған жағдайда орындауы тиіс болатын **дебиторлық және кредиторлық берешекке қатысты аудиторлық рәсімдерден** бір-бір мысал келтіріңіз, сондай-ақ растау туралы сұратуға жауаптың берілмеуі **нені білдіруі мүмкін** екенін көрсетіңіз.

3.2. СБЖ саясаттары мен рәсімдері өздері үшін аудиторлық тапсырмалардың сапасын міндетті түрде тексеруді қамтуы тиіс болатын **2 шарттың** мысалын келтіріңіз.

3.3. Тұлға 2-СБХС-ға сәйкес, тапсырмалардың сапасын тексеруге жауапты тұлға етіп сайлану үшін сай болуы тиіс кем дегенде **2 критерийді** атаңыз.

4-тапсырма (40 ұпай)

Төмендегі сұрақтардың әрқайсысы үшін ең жақсы жауапты таңдаңыз. Барлық 20 сұрақ бойынша жауабыңызды белгілеңіз. Әр сұраққа бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделеді.

4.1 Төменде келтірілген жауап нұсқаларының қайсысы **ажырамас тәуекел** анықтамасына сәйкес келеді?

- а) Аудит барысында аудитор әлі тексермейтін қаржылық есептілікте елеулі бұрмаланулар бар деген тәуекел;
- б) операциялар сыныбына, шоттың қалдығына немесе ақпараттың ашылып көрсетілуіне қатысты мәлімдеме орын алуы мүмкін және басқа бұрмалаулардан жеке алғанда немесе солармен бірге елеулі болуы мүмкін бұрмалау кәсіпорынның ішкі бақылау жүйесімен уақытында қақпайланбайды немесе анықталмайды және түзетілмейді деген тәуекел;
- в) қандай да бір бақылау шараларын назарға қабылдас бұрын операциялар сыныбына, шоттың қалдығына немесе ақпараттың ашылып көрсетілуіне қатысты мәлімдеменің басқа бұрмалаулардан жеке алғанда немесе солармен бірге елеулі болуы мүмкін бұрмалауға қатысты осалдығы;
- г) қаржылық есептілік айтарлықтай бұрмаланған болса, аудитор сәйкес емес аудиторлық пікір білдіреді деген қауіп.

4.2 Төменде келтірілген мәлімдемелердің қайсысы аудит туралы шарттың талаптарын келісуге қатысты дұрыс болып табылады:

- (1) *Аудитор егер аудиттің шарттарын өзгертуге қисынды негіздеме болмаса, оны өзгертуге келіспеуі тиіс не;*
 - (2) *Егер аудиторлық тапсырма аяқталғанға дейін аудитор аудиторлық тапсырманы сенімділіктің төмен деңгейін қамтамасыз ететін тапсырмаға өзгерту туралы өтініш білдірсе, аудитор мұндай өзгерістің ұтымды немесе негізді екенін анықтауы керек;*
 - (3) *Егер аудит бойынша тапсырманың шарттары өзгерсе, аудитор мен басқарушы қызметкерлер келісімге хатта немесе жазбаша келісімнің басқа да тиісті нысанында тапсырманың жаңа шарттарын келісіп, жазуы керек.*
- а) Тек қана 1 және 2-мәлімдеме;
 - б) Тек қана 1-мәлімдеме;
 - в) Тек қана 2-мәлімдеме;
 - г) 1, 2, 3-мәлімдемелер.

4.3 Аудитор **талдау рәсімдерін** мәні бойынша немесе жеке-жеке немесе егжей-тегжейлі мәтіндермен бірге әзірлеп және орындау кезінде ХАС 330 талаптарына сәйкес шын мәніндегі рәсімдермен жұмыс істегендей не жасауы тиіс?

- а) Көрсетілген сомалар мен коэффициенттердің алдын - ала есептеулерін жүргізу және олардың жеке немесе басқа бұрмаланулармен бірге қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалануына әкелуі мүмкін бұрмалануды анықтау үшін жеткілікті дәрежеде дәл болып табыла ма, соны бағалау;
- б) Клиент алдындағы берешекті растауға қатысты үшінші тұлғаларға жазбаша сұратулар қалыптастыру және жіберу;
- в) Есепті күнге қорларды түгендеуге қатысу және өз есептерін жүргізу;
- г) Барлық операциялар қаржылық есептілікте толық көлемде көрсетілгеніне қатысты басқарушы қызметкерлердің жазбаша куәліктерін алу.

4.4 Жауап нұсқаларының қайсысы төмендегіге қатысты дұрыс болып табылады:

*Аудитор аудиторлық құжаттаманың құрамына мыналарды **енгізуі қажет**:*

- (1) *жаңылыс жазулар немесе басқа қателер түзетілген бұрын жасалған құжаттардың көшірмелері;*
- (2) *жұмыс құжаттарының өзгертілген жобалары;*

(3) аудит бағдарламалары;

(4) басқарушы қызметкерлердің растау хаттары мен куәландырулары.

- а) 1 және 2 нұсқалары;
- б) 3 және 4 нұсқалары;
- в) 1, 2 және 3 нұсқалары;
- г) 1, 2 және 4 нұсқалары.

4.5 ХАС 240 «Аудитордың қаржылық есептілікке аудит жүргізу кезіндегі алаяқтыққа қатысты жауапкершілігі» сәйкес, ХАС мақсатында аудитор екі қасақана жасалған бұрмалаулардың екі типімен істес болуда. Олардың барынша дәл анықтамасын көрсетіңіз.

- а) Басқару персоналының талаптары мен мінез-құлқындағы алаяқтықтың салдары болып табылатын бұрмаланулар;
- б) Аудитормен шарттық қатынастардағы алаяқтықтың салдары болып табылатын бұрмаланулар;
- в) Салықтарды есептеудегі қателіктің салдары болып табылатын бұрмаланулар;
- г) Қаржылық есептілік кезіндегі алаяқтықтың салдары болып табылатын бұрмаланулар және активтерді заңсыз иемденудің салдары болып табылатын бұрмаланулар.

4.6 Төменде аталған кездейсоқ таңдау мақсаттары үшін элементтерді іріктеу әдістерінің қайсысы ХАС 530 сәйкес элементтерді іріктеп алудың жүйелі әдісімен бірге барынша тиімді болады?

- а) Бөлшектерді сынау мақсатында жалпы жиынтықтан нақты монетарлық бірліктерді таңдаңыз;
- б) Сыналатын бас жиынтықта күтілетін ауытқу нормаларын азайту;
- в) Бас жиынтықтағы іріктеу элементтерінің санын азайту;
- г) Тестіленетін бас жиынтықтағы жарамды ауытқу нормаларын арттыру.

4.7 ХАС 320 сәйкес аудиторлық рәсімдерді орындаудың елеулілігі нені білдіреді?

- а) Байланысқан тараптармен операциялар сияқты операциялардың жекелеген нақты сыныптарына қатысты қолданылатын елеулілік деңгейлері;
- б) Аудитор анықтаған, өздерінің деңгейінде аудитор сәйкестендірген бұрмалаулар назарға алынбайтын және жинақталмайтын сома немесе сомалар;
- в) Аудитор анықтаған, түзетілмеген және анықталмаған бұрмаланулар жиынтығы жалпы қаржылық есептілік үшін елеулілік мөлшерінен асып ықтималдығынан жалпы қаржылық есептілік үшін елеулілік мөлшерінен төмен деңгейдегі сома немесе сомалар;
- г) Аудитор сәйкестендірген, өздерінің деңгейінде алаяқтық салдарынан болған бұрмаланулар елеулі болып табылатын аудитор анықтаған сома немесе сомалар.

4.8 Қаржылық есептіліктегі ақпаратты сапалы ашудың әрбір жеке бұрмалануы оның тиісті ақпаратты ашуға әсерін (тиісті ақпаратты ашуды) және оның жалпы қаржылық есептілікке жалпы әсерін бағалау үшін қаралады. Төмендегі бұрмаланулардың қайсысы елеулі болуы мүмкін екендігінің мысалын анықтаңыз.

- а) бөлшек саудадағы шағын кәсіпорындар үшін капиталды басқару мақсаттары, саясаттары мен процестері туралы ақпараттың дәл емес сипаттамасы;
- б) халықаралық саудамен айналысатын кәсіпорынның есебінде кәсіпорынның валюта бағамына сезімталдығының тиісінше сипаттамасы;
- в) тауарларды жеткізушілерге қатысты болмашы сот талап-арыздары туралы ақпаратты өткізіп жіберу туралы;
- г) кәсіпорынның Директорлар кеңесінің жалпы жиналысын өткізу жиілігінің өзгеруі туралы ақпаратты өткізіп алу.

4.9. Аудитордың арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігі туралы есебі ХАС 800 (қайта қаралған) «Ерекше ережелер-арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негіздерге сәйкес жасалған қаржылық есептілік аудиті» бөліміне сәйкес нені қамтуы тиіс?

- а) «Аудиттің басты мәселелері» бөлімі, аудитор есебінің пайдаланушылары үшін қаржылық есептіліктің арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негіздерге сәйкес жасалғанын және соған орай басқа мақсаттарға арнап пайдалануға келмейтінін;
- б) «Түсіндірме параграф», аудитор есебін пайдаланушылардың қаржылық есептіліктің арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негіздерге сәйкес жасалғанын және соған орай басқа мақсаттарға арнап пайдалануға келмейтініне ерекше назарын аударумен;
- в) өзінде арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негіздің толық атауы ашып көрсетілген «Басқа сұрақтар» атты арнайы бөлім;
- г) өзінде аудитордың осындай тапсырманы орындауға байланысты жауапкершілігі ашып көрсетілген «Аудитордың қосымша жауапкершілігі» деген бөлімі.

4.10. Егер басқарушы қызметкерлер немесе ең жоғары уәкілеттіктерге ие адамдар аудиторға қаржылық есептілік үшін елеулі болуы мүмкін заңнамалық немесе нормативтік талаптардың орындалмай отырма немесе орындалмау ықтималдығы бар ма, соны бағалау үшін жеткілікті көлемдегі аудиторлық дәлелдерді алуға кедергі келтірсе, аудитор не істеуі керек?

- а) Ескертумен пікірін білдіру немесе қаржылық есептілік туралы пікір білдіруден бас тарту;
- б) жағымсыз пікірін білдіру;
- в) Осы мән-жайға назар аудартатын арнайы параграфқа сәйкес жетілдірілмеген пікірін білдіру;
- г) Аудитордың есебіне «Аудиттің басты мәселелері» деген бөлімді енгізу, онда осы фактіні пікірді жетілдірмей ашып көрсету қажет.

4.11. Келесі мәлімдемеге қатысты дұрыс нұсқаны таңдаңыз:

Ең жоғары басқарушылық уәкілеттіктерге ие тұлғаларға хабарлау керек болатын мәселелер:

- (1) аудитордың ең жоғары уәкілеттіктерге ие адамдардың қадағалауымен басқарушы қызметкерлер жасаған қаржылық есептілік туралы пікірді тұжырымдау және білдіру үшін жауапкершілігі;
 - (2) өткен есептік кезеңдегі аудит нәтижелері бойынша аудитор анықтаған, басқарушы қызметкерлер (құрамы өзгермеген) жауапты шаралар құнының қымбат болуына байланысты жоймауға шешім қабылдаған ішкі бақылау жүйесінің түзетілмеген елеусіз кемшіліктері туралы қайта хабардар ету;
 - (3) басқарушы қызметкерлердің жауапкершілігі;
 - (4) аудиттің орындауға жоспарланған көлемі мен уақыты туралы жалпы ақпарат.
- а) 1,3,4 нұсқалары;
 - б) 2,4 нұсқалары;
 - в) 1,2,3 нұсқалары;
 - г) 1, 4 нұсқалары.

4.12. Ұсынылған нұсқаның(нұсқалардың) қайсысы ХАС 300 стандартына сәйкес аудиттің жоспарын құрастыруға қатысты дұрыс болып табылады?

Аудитор аудиттің жоспарын төмендегілерді сипаттай отырып әзірлеуі тиіс:

- (1) ХАС 315 стандартына сәйкес (2019 жылы қайта қаралған) тәуекелдерді бағалаудың жоспарланған рәсімдерінің сипатын, уақыты мен көлемін;
- (2) ХАС 330 стандартында айқындалғандай, мәлімдеме деңгейіндегі келесі аудиторлық рәсімдердің сипатын, уақыты мен көлемін;
- (3) Тапсырманы орындау кезінде ХАС талаптарын орындау үшін орындау керек болатын басқа жоспарланған аудиторлық рәсімдерді.

- а) 1, және 3 нұсқалары;
- б) 1 және 2 нұсқалары;
- в) тек қана 3-нұсқа;
- г) 1, 2 және 3 нұсқалары.

4.13 Ұсынылған нұсқалардың қайсысы сыртқы аудитор ішкі аудит бөлімінің жұмысын ПАЙДАЛАНБАУЫ тиіс деген мән-жай үшін дұрыс болып табылады:

- (1) егер ішкі аудит бөлімінің ұйымдастырушылық мәртебесі мен тиісті саясаты және рәсімдері ішкі аудиторлардың объективтілігіне жеткілікті дәрежеде ықпал етпесе;
- (2) егер бөлім жеткілікті мөлшерде білікті болмаса;
- (3) егер бөлім жүйелі және тәртіптік тұрғыларды, сонымен бірге сапаны бақылауды қолданбаса.

- а) Тек қана 1-нұсқа;
- б) Тек қана 2-нұсқа;
- в) Тек қана 3-нұсқа;
- г) 1, 2 және 3 нұсқалары.

4.14 ХАС 530 стандартына сәйкес, шын мәнінде тура осындай мәлімдемеге бағытталған басқа рәсімдерді көбірек қолдану неге ықпал етеді?

- а) бақылау шараларының тестілерін таңдау үшін іріктеу көлемінің ұлғаюына;
- б) Егжей-тегжейлерді тестілеу үшін іріктеудің бастапқы көлемінің орындалуына;
- в) Егжей-тегжейлерді тестілеу үшін іріктеу көлемінің ұлғаюына;
- г) Егжей-тегжейлерді тестілеу үшін іріктеу көлемінің азаюына.

4.15 Төменде келтірілген мәлімдемелердің қайсысы аудитордың *аудитордың есебінде өз сарапшысының жұмысына жасаған сілтемесіне* қатысты дұрыс болып табылады?

- а) ХАС 620 талаптарына сәйкес ешбір жағдайда жол берілмейді;
- б) Аудитор пікір айтудан бас тартқан жағдайда жол беріледі;
- в) Аудитордың пікірін жетілдіруді түсіну үшін орынды, алайда ол аудитордың есебінде мұндай сілтеменің аудитордың осындай пікір үшін жауапкершілігі азайтпайтынын көрсетуі тиіс;
- г) егер аудитор «Аудиттің басты мәселелері» бөлімінде аудитор сарапшысының жұмыс көлемін ашып көрсетіп отырса, жол беріледі.

4.16. ХАС-қа сәйкес **аудиторлық дәлелдемелер санының өлшемі** неге жатады?

- а) аудиторлық дәлелдемелердің қолайлылығына;
- б) аудиторлық дәлелдемелердің жеткіліктілігіне;
- в) аудиторлық дәлелдемелердің сапасына;
- г) аудиторлық дәлелдемелердің объективтілігіне.

4.17 Егер қаржылық есептілікте аудитордың пікірінше елеулі болып табылатын және барлығын қамтыған бұрмаланулар болса, аудитор не істеуі тиіс?

- а) пікір білдіруден бас тарту;
- б) ескертумен пікір білдіру;
- в) жағымсыз пікір білдіру;
- г) аудитордың есебінде Түсіндірме параграфпен пікір білдіру, онда осы мән-жайды толығырақ ашып көрсету h.

4.18 «Аудиттің басты мәселелері» параграфында ашып көрсетілген ақпарат үшін дұрыс нұсқаларды көрсетіңіз.

Тәуелсіз аудитор есебінің «Аудиттің басты мәселелері» бөлімінде мыналар болуы тиіс:

(1) егер қаржылық есептілікте болса, тиісті ашып көрсетуге сілтеме;

(2) бұл мәселелер аудитордың қаржылық есептілікте сәйкестендірген бұрмалануларға қандай әсерін тигізді;

(3) аудитор аудиттің басты мәселелеріне қатысты қандай пікір білдірді;

(4) неліктен бұл мәселе аудит үшін елеулі мәселелердің бірі болды және бұл мәселе аудит кезінде қалай шешіліп отырды.

а) 1 және 3 нұсқалары;

б) 2 және 4 нұсқалары;

в) 2 және 3 нұсқалары;

г) 1 және 4 нұсқалары;

4.19 Егер жалпылама қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде аудитке жататын қаржылық есептілікке сәйкес КЕЛМЕСЕ немесе қолданыстағы критерийлерге сәйкес оны бейтарап жалпылау БОЛМАСА және басқарушы қызметкерлер қажетті өзгерістер енгізуге КЕЛІСПЕСЕ, аудитор не істеуі керек?

а) жалпылама қаржылық есептілікке қатысты ескертпемен пікір білдіру;

б) жалпылама қаржылық есептілікке қатысты жағымсыз пікір білдіру;

в) жалпылама қаржылық есептілікке қатысты пікір білдіруден бас тарту;

г) аудитордың қаржылық есептіліктің аудитіне қатысты алдыңғы есебін кері қайтарып алу және ХАС 560 стандартына сәйкес осындай есептілікке қатысты қосымша аудиторлық рәсімдер орындау.

4.20 Келесі мәлімдемеге қатысты дұрыс нұсқаларды көрсетіңіз:

*Жекелеген құжаттарды жария ету кезінде, әдетте, жылдық есепті құрайтын құжаттар жиынтығының бір бөлігі **болып табылатын** (заңнамаға, нормативтік актіге немесе әдетке қатысты) және сол себептен ХАС 720 «Аудитордың басқа ақпаратқа қатысты жауапкершілігі» қолдану саласындағы **басқа ақпарат болып табылатын** есеп берулердің мысалдарына жатады:*

(1) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару туралы есептер;

(2) корпоративтік басқару туралы есеп;

(3) еңбек қатынастарының практикасы мен еңбек жағдайлары туралы есептер;

(4) адамның құқығы туралы есептер.

а) 1 және 2 нұсқалары;

б) 2 және 3 нұсқалары;

в) 3 және 4 нұсқалары;

г) 1 және 3 нұсқалары.

ЕМТИХАННЫҢ СОҢЫ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ